

МРНТИ 17.82.31

Каримова Г.С.,¹Ақыш Н.Б.²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
²М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ЖАҢАША ҚАРАСТЫРУ – ҒЫЛЫМИ ҚАЖЕТТІЛІК
(Оралхан Бөкей шығармашылығы негізіндегі когнитивтік талдау)

Аңдатпа

Мақаланы қазақтың талантты қаламгері, артында жазып қалдырған мұрасы бүгінде тарихқа айналған Оралхан Бөкейдің эстетикалық әлеміне жасалған кезекті ғылыми барлаудың бірі деп қабылдаған жөн. Бүгінде жекелеген мақалаларды айтпағанда, дарын иесінің көркем туындыларын мақсаткерлікпен зерттеу толыққанды жүзеге асырылмай келеді. Қазақтың көркемсөзін жете игере білуі арқылы қазақ әдебиетіндегі өзінің орынын айқындап алған қаламгердің әңгіме, повесть, романдары қайтадан үнілуді, зерделей талдауды қажет етеді. Мақалада қазақ жанының тереңіне бойлауды мақсат еткен жазушының өзіне тән қаламгерлік ерекшелігінің неде екендігі пайымдалып, прозалық шығармаларға лирикалық поэзияға тән үлгіні қолдануы арқылы жанр табиғатына көркемдік құлышыныстарының нақты көрінісін енгізуі сөз болады.

Түйін сөздер: Оралхан Бөкей, «Рухани жаңғыру», эстетикалық деңгей, көркем ұстаным, схематизм

Karimova G.,¹Akysh N. ²

¹Kazakh National Women's Pedagogical University,
² Institute of Literature and Art. M. Auezova,
Almaty, Kazakhstan

SCIENTIFIC NECESSITY IS A NEW APPROACH WITHIN THE FRAMEWORK OF "
MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS "
(Cognitive analysis based on Oralkhan Bokei's work)

Abstract

The article is about one of the next scientific explorations of the aesthetic world of the talented Kazakh writer OralkhanBokei, whose legacy left behind has become history today. Nowadays, not to mention individual articles, the purposeful study of the artistic works of the talented writer is not carried out scientifically in full. Stories, short stories, novels of the writer, who defined his place in the Kazakh literature through the mastery of Kazakh artistic expression, need to be reconsidered and studied. The article deals with the characteristic features of the writer's work and introduction of a clear expression of his artistic aspirations in the nature of genre by using a pattern characteristic of lyrical poetry in prose works.

Keywords: Oralkhan Bokei, "Ruhani zhangyru", ethical level, artistic principles, schematism

Каримова Г.С.,¹Ақыш Н.Б.²

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
² Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова,
Алматы, Қазақстан

НОВОЕ РАССМОТРЕНИЕ В РАМКАХ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - НАУЧНАЯ НЕОБХОДИМОСТЬ

(Когнитивный анализ на основе творчества Оралхана Бокея)

Аннотация

Статью следует рассматривать как очередное научное исследование эстетического мира Оралхана Бокея, талантливого казахского писателя, наследие которого вошло в историю. Сегодня, не говоря уже об отдельных статьях, целенаправленное изучение произведений искусства талантливого человека реализовано не в полной мере. Рассказы, повести, романы писателя, определившего свое место в казахской литературе благодаря овладению казахским искусством, нуждаются в переосмыслении и изучении. В статье говорится о том, в чем заключается особенность самобытного писания писателя, поставившего цель раскрыть казахскую душу, а в прозаических произведениях речь идет о том чтобы внести в природу жанра реальную картину художественного культа с использованием образов, характерных для лирической поэзии

Ключевые слова: Оралхан Бокей, «Рухани жаңғыру», этический уровень, художественные принципы, схематизм

Кіріспе. Төл әдебиетіміздің руханият әлеміндегі әлеуметтік салмағын, эстетикалық болмыс-бітімін түстеп тани білетін, нәрі мен дәмін жете сезіне алатын сергек оқырман Оралхан Бөкей шығармаларын сүйсініп оқиды деп сенуге әбден болады. Оның артында қалдырып кеткен мұрасын бүгінгі «Рухани жаңғыру» аясында зерделеп өту қай жағынан да қажет деп білеміз. Өз қатарластарының алдында Оралхан Бөкей шығармашылығының алатын орны бөлек.

Өзіндік көркем ұстанымымен, эстетикалық деңгейінің биіктігімен қазақ әдбиетінде бірсыпыра құнарлы шығармалар қалдырған қаламгерлеріміздің бірі Оралхан Бөкей Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай білім алып жүріп, әр түрлі деңгейдегі газет редакцияларында еңбек етіп, біртінде сатылап өсті.

Еңбек жолын ең төменгі лауазымнан бастаған ол алдымен облыстың Большенарым ауданындағы «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Бертінде әдебиетке публицистикадан келді. Онан кейін облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып жүрген кезінде республикалық «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Ш.Мұртазаның шақыруымен осы республикалық газеттің редакциясына қызметке орналасады. Бұл жас жазушы үшін үлкен әдебиетке барар жолдағы тұғырлы баспалдақ болды. Ол қызмет бабында «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушілігінен кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығы қызметіне дейін көтерілді.

Нәтижелер мен талқылау. Оның мерзімді баспасөз беттерінде есімін алғаш танытқан «Үркер ауып барады», «Екеу», «Түйелер маңып барады», «Ардақ» сияқты көркем публицистикалық шығармалары, қазақтың көркемсөз кеңістігіне ерекше дарын иесінің келендігін әйгіледі. Көркемдігі кемерінен асып төгіліп жатқан мөлдір туындыларының тілдік табыстары өз алдына, сонымен қоса ол қазақ жанының тереңіне бойлауды мақсат еткен қаламгер десек еш қателеспейміз. Осы арада әдебиеттанушы ғалым М.Арғынбаеваның «По Бокееву и в человеке и в мире заключен древний код познания и человека и мира» (1,21) деген философиялық түйін жасауы бекер айтылған сөз емес еді. Жалғыз сөйлемде айтылған осы тұжырымнан-ақ қазақ әдебиетіндегі Оралхан Бөкейдің өзіне тән қаламгерлік ерекшелігінің неде екендігі көрініп тұр дей аламыз.

1970 жылы шыққан «Қамшыгер» атты тұңғыш жинағынан кейін әр жылдары «Үркер», «Қайдасың, қасқақұлыным», «Мұзтау», «Әнсаладышағылдар», «Үркер ауып барады», «Біздің жата қыс ұзақ», «Өз отыңды өшірме», «Тоқадан қалған тұяқ» сынды прозалық шығармалары жарық кріп жатты. Бұл арада О.Бөкейдің әдебиеттің басқа да жанрларында өзінің қаламгерлік қуатын синап көргенін еске сала отырып, айтар ойымызды шашыратып алмау үшін оның тек прозалық туындыларына тоқталғанымыз тиімді.

Жазушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына «Біздің жата қыс ұзақ» атты прозалық жинағы үшін ие болды. Жазушы сонымен бірге «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Н.Островский атындағы бүкіл одақтық әдеби сыйлықтың (1976) иегері» (2,107).

«Кейіпкер болмысын табиғатпен байланыстыра суреттеу арқылы таныту О.Бөкей шығармашылығының бір ерекшелігі болып табылатыны анық» (3,13). Жазушы қаламына тән ерекшеліктердің бірі – өзіміз күнделікті көріп жүрген күйкі тіршілікті сол қалпында мазмұндап жаза

салуден шектеліп қалмай, айналаға лирикалық көзбен, нәзік сезіммен сәл басқаша қарауға мәжбүр ететін романтикалық леп. Филология ғылымдарының докторы Н.Ақыштың осы қаламгер жайлы «Жазушының қазақ әдебиетіндегі орны бүгінгі таңда да әлі толық айқындала қойған жоқ»(4) деген пікірін осы мақалада тағы қайталап еске салуды жөн көрдік.

Кеңес өкіметі тұсында «Осындай совет адамы» деген девизді сүйекке сіңіріп өскен ұрпақтың көркем әдебиет туралы түсінігі де осы ұранға сәйкес қалыптасуы тиіс болатын. Бірақ О.Бөкей тәрізді шын мәніндегі адам жанының инженері үшін ондай қаламды шектейтін идеологиялық құрсау тарлық етті. Ол айтылып жүрген шаблондық образдар мен суреттерден, схематизм аясындағы ойлардан басын аулақ салуға тырысты. Жазушының әу бастан ұстанған көркемдік кредосы – ең алдымен адамның жан дүниесіне, көзге көріне бермейтін ішкі әлеміне үңілу болды.

Осы арада тағы бір әдебиеттанушы ғалым әрі жазушы С.Асылбекұлының мына бір тұжырымын дәлел ретінде көлденең тартқанды жөн көріп отырмыз. «Д.Исабековтің «Дермене», Ә.Таразидің «Құйрықты жұлдыз», «О.Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным» секілді повестері советтік адамдардың бойларындағы рухани жұтандық секілді қатер жайында дабыл қақты» (5,30). Осы дәйек сөзде айтылған ойдың біздің ұсынатын ұстаныммен толық үйлесетінін байқау қиын емес.

Шынында да адам жанының инженері ретінде Оралхан қандай адамның болсын үнемі армандарына жете бермейтінін, Кеңес өкіметінің бақытты билігіне қарамастан, замандастарының ішінде рухани да, материалдық та жоқшылық көріп жүрген жандардың болатынын жекелеген тағдырлар арқылы дәлелдеуге тырысты. Әрбір индивидуалдан ішкі әлеміне, өзіне ғана тән түрлі деңгейдегі трагедиялық нышандар тауып ала білді. Кішкентай ғана мұқтаждықтарын орындауға қолдары жете алмай жүрген қарапайым жандардың жоқтаушысы, тіпті оптимист пенделердің де бойында ұшырасып жататын күйзелісті сәттерінің, жан әлемінің жыршысы болу жазушының көркемдік кредосы еді. Ол осы ойларын қазақтың қара сөзінің көркемдік кеңістігінде иін қандыра, илеуін келістіре отырып, қарымы сынбастан, қаламы талмастан жеткізе білді.

Ендеше, ең алдымен адам жан әлемін кестелі сөздермен, келісімді де үйлесімді құйылыстармен оқырманын тебіренітіп, сөз толқынымен тербете білген Оралхан Бөкейдің есімі әдебиеттанушы қауымның аузынан сирек айтылуын, кейінгі ұрпақтың көңіл көкжиегінен көріне бермеуін әдебиетіміздің тарихындағы қалыпты норма деуге болмайды.

Тебіреніске толы беттеріне аялай көз жүгіртіп, Оқырман ретінде шама-шарқымыздың жеткенінше ішкі әлеміне ене түскен сайын бұрын байқамаған жаңа нәрсе тауып алатынымыздың сыры неде деген ойдың келуі бекер емес. Бұның өзі қаламгердің шеберлігін паш ететін ерекшелік деп түйіндеуге болады. Жазушының көркемдік позициясын жете түсіну үшін тіпті терең білімнің, интеллектуалдық дайындықтың болуы шарт емес. Оқырманнан талап етілетіні – оның эстетикалық қабылдауының объективтілігі, сезімталдық түйсігінің табиғилығы ғана.

Мысалы, «Іңкәр», «Қамшыгер», «Ұйқым келмейді», «Жұлдыз жауған түндер-ай», «Ардақ», «Бура», «Қар қызы», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Ән салады шағылдар», «Мұзтау», «Жылымық», «Ел мен жер», «Сарыарқаның жаңбыры», «Түйелер маңып барады», «Мынау аппақ дүние» сияқты әңгіме, повесть, эсселері арқылы О.Бөкей оқырман қауымға әдебиет босағасынан тағы бір талант иесінің аттағанын дәлелдеді. Әдебиетшілер, жазушылар күткен үміт ақталып, жазушының кейінгі туындылары көркемдік сапасының жоғары болуымен заманауи әдебиетке айтулы үлес болып қосылды.

Бұл аталған шығармалардағы тұнып тұрған мөлдір сезім, адам жанын тазалыққа үндейтін әсем лирикалық көркем ұстанымдар және сол қара сөзбен жазылған лирикалардың қаламгердің өзіне тән философиялық пайымдарымен ұштасып жатуы.

Ізденуші Б.Құралханова «О.Бөкеев өмір материалдарын қорыту арқылы оған әлеуметтік-философиялық салмақ қосып, бірегей характер жасайды» (6,24) деген қорытындыға бекер келіп отырған жоқ, жазушы философиясының мән-мағынасына ой жүгірткендіктен айтып отырғаны анық.

Сыншылар аузында жиі айтылатын «Қасқыр ұлыған түн», «Өз отыңды өшірме», «Ауыл хикаялары» атты әңгімелер шоғыры, «Жасын», «Сайтанкөпір», «Жербұғылардың» көркемдік деңгейі осал емес, құнарлы тілмен жазылған, айтар ойлары астарлы шығармалар. Ал символикалық нышандардың бетке ұстайтын астарлы ойды көркемдік тұрғыдан талапқа сай айтылған жағдайда философиялық түйіндеулер туғызатыны классикалық әдебиет үлгілерінің шежіресінен белгілі.

Оралханның жекелеген туындыларында постмодернизм үлгілерінде ұшырасып қалатын ой, сана ағыстарының сипаттары да байқалып отырады. Оларда жалаң идея айтатын қарапайым реализмнен

гөрі сезім құбылыстары тереңірек бейнеленгендіктен, тілді көркемдеу жолдарындағы ізденістері айқынырақ.

«Қазақы қара сөздің қадірін құлынның жонындай құлпыртқан құнарлы тіл, өз машығымен айтқанда, мынау аппақ дүниеге деген шексіз іңкәрлік, балаққа жармасып, ілгері бастырмайтын жадағай күйкі тіршіліктің күрмеуіне алданбай, айналаға қолға түспес әлдебір асқақтықпен қарауға мәжбүр ететін лапылдаған романтика, кейіпкердің ішкі әлемінен, тіпті өзегінің өзінен суырылып шығып жататын нәзік сезімдер құйылысы, осының барлығы бірігіп келіп, жалғыз қаламның кестелі іздеріне айналып жататын. Ал қалам иесі – өз дәуіріндегі сөз өнеріне өзіндік өрнек салып, алымы жеткенше әспеттеуге тырысқан сол Орекең еді» (4).

Көбіне астарлы ой тастайтындықтан, оның әңгімелерін бір оқығанда толықтай түсініп алу қиын. Кезінде сыншылардың «Бура» әңгімесін зоологиялық тақырыпта жазылған деп қабылдағаны да сондықтан. «Терісаққан», «Бура», «Қамшыгер», «Кербұғы» әңгімелеріне тән ерекшелік – мазмұн тереңдігі, идея сонылығы. Автор табиғат құбылыстарын кестелі тілмен өрнектей отырып, оқырманды қат-қабат ойлардың астарына, берілген суреттердің тереңіне үңілуге жетелейді.

Бұлардың ішінде ауырлау оқылатыны – «Терісаққан» әңгімесі. Тіпті жанрлық талаптар тұрғысынан қарағанда оны толыққанды жеке әңгіме деуге деболмайды. Өйткені, басынан аяғына дейін тұтас ұстап тұратын сюжет тік желілі, образ дар арасында өрбитін тартыстар мен шиеленістер байқалмайды. Негізінен басым көрінетін – өзен ағысымен жарысып жататын сана ағысы.

Жазушының «Бура», «Кербұғы» әңгімелерін жан-жануарлар туралы деп бағалайтын пікірлердің жаңсақ екендігін айту керек. Символдық әңгімеге заманы өткен Кербұғы мен Жасбұғының ашық айқасы мен адамдар арасындағы тартыстардың жасырын жүретінін параллелизм арқылы салыстыру нышаны тағы да философиялық түйіндер жасауға жетелейді.

«Жиырмасыншы ғасырдың басында Алаш азаматтары М.Дулатов «Оян, қазақ!» деп ұрандаса, А.Байтұрсынов «Маса» болып ызындап еді. Ал, О.Бөкеев солғасырдың екінші жартысында аға буян дәстүрін бураның зарлы боздауымен жалғастырды. Ол зымиян саясаттың шырмауынан шығуды астарлап (символмен), қатпарлап бура болып боздап, зарлап жеткізді. Кешкі ауаны шымырлата боздаған сол бір үн – болашақ ұрпақ алдындағы жазушының өз зары еді» (7,448).

Кеңес дәуіріндегі әлеуметтік-моральдық түрлі кемшіліктердің кең етек алып, типтік сипатқа ие болып кеткенін жазушы «Ауыл хикаялары» топтамасына енген «Көк тайынша», «Бестиын», «Апамның астауы», «Тортай мінер ақ боз ат», «Қасқыр ұлыған түнде» сынды әңгімелері арқылы сенімді түрде әсерлі жеткізе білді.

Осынау өзекті мәселелер бүгінгі еліміз тәуелсіздік алған жылдарда біржова жойылып кетті дейтін болсақ, артық айтқандық болар еді. Ал енді «Қасқыр ұлыған түн», «Тоқадан қалған тұяқ», «Күлпәштің ұршығы», «Кұлашаның шоты еді» әңгімелері аул өмірінің жекелеген кемшіліктерін, қарапайым жандардың аянышты тағдырларын реалистік тұрғыда бейнеледі. Кеңестік дәуірдің кезекті бір дерті жалған ақпар беру, шаруашылықтарда көзбояушылыққа орын беру болғаны кейінгі уақыттарда дәлелденіп жүр. Аталған шығармаларында қаламгер осы мәселені тілге тиек ете отырып, имандылық тұрғысынан жетпей жатқан мәселелерге де нәзік оралымдар арқылы тоқталып өтеді.

Жазушы «Құммінезі», «Өліара», «Бәрі де майдан», «Сайтанкөпір», «Қарқызы», «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние», «Атау кере» повестерінде өзінің ешкімге ұқсамайтын сөз саптауын танытып, көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленді. «Қайдасың, қасқақұлыным», «Елең-алаң», «Аспирант қыздың тракторшы жігіті» сынды әңгіме-повестерінде қазіргі жастар өмірін, олардың арман-мақсаттарын шынайы бейнелеп, өз замандастарының заманауи бейнесін жасады.

«О.Бөкеевтің «Қар қызы», «Мұзтау» және т.б. шығармалары «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, қалыптасқан эстетикалық және идеологиялық шеңберлерден шыға білу қасиетімен, романтикалық бояуымен ерекшеленеді» (8,23). Бұл – Қ.Жанұзақованың жазушы шығармашылығына қатысты жинақтай айтқан пікірі.

«Біздің жата қыс ұзақ» атты егіз повесінің біріншісі «Сайтанкөпір», екіншісі «Қарқызы» деп аталады. Жазушы бұл повестерінде өмір жайында философиялық тұжырым жасаса, архитекторлар өміріне арналған «Жетім бота» повесінде адамның байта оралмас жастық шағына деген сағынышы олардың жүректебіренісі арқылы жеткізілген. «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние» повестерінде замандас бейнесі арқылы заман тынысын көрсеткен жазушы мәңгілік құндылықтарды көрсетете отырып, адамның жан дүниесіндегі қайшылықтарды да көрсете алды.

Әдебиеттанушылар А.Таңжарықова мен Д.Сәтемірованың «Д.Әшімханұлы өзі туып өскен Алтай таулары сияқты өрлігі кейіпкерлерінің ішкі әлемінен айқындалып тұратын қалам иесі» (9,189) деген

піркірін О.Бөкейге де қаратып айтуға әбден болады. Өйткені бұл екі жазушы да жерлес, асқақ Алтай тауының түлектері. Сонымен бірге О.Бөкейдің «Мұзтау» повесімен «Ел мен жер» эссесінде, «Жылымық», «Жасын», «Жұлдыз жауған түндер-ай», «Шұғыла», «Аспанда ұшқан алты қаз», «Мезгіл әуендері» атты новеллаларында өз образының өр бейнесі аңғарылып отырады.

Қара сөздің дүлділі Ә.Кекілбаев «О.Бөкеев қаншама бір қиян, шетпұшпақта жатқан өңірдің адамдарын, оның жан дүниесіндегі бүгінгі күрделі толғаныстарды көрсетеді» (10,178) деп, жазушы кейіпкерлерінің кімдер екендігін аңғартып кетеді.

«Мұзтау» повесініңтүпкіидеясы– жүрегі таза Ақтан мен алаяқ Қанның арасындағы шешімін таппас қақтығыстар арқылы жақсылық пен жамандықтың мәңгілік келіспеушілігін бейнелеу. Өмір жайлы жеке пікірге ие қатар құрбыларының тіршілік-тынысын көрсете отырып,жазушы солардың ойларынан өмір туралы тосын философиялық тұжырым жасауға ұмтылады.

«Өз отыңды өшірме» атты романында қазақ даласында Кеңес өкіметін түпкілікті орнатумен Түркістан-Сібір магистралын салудағы қарапайым еңбек адамдарының жан қиярлық ерлігін шынайы қалпында бейнеледі. Дархан ақсақалдың өмірі – сол тұстағытрагедияғытолықазақтарихының бір үзік шындығы. Өзін еңбек үшін жаратылғандай сезінетін бұл жан Түрксибтің темір жолында қайлашы болып бастаған. Одан кейін Құландыдағы разъезде поездың қауіпсіздігіне жауап беретін жұмыста табан аудармастан қырық жыл істейді.Кейіпкердің өмір шежіресі сол уақыттағы қазақ өмірінің тынысын көрсететін эпизодтарға толы екенін аңғартады.

Зерттеуші У.Абдыхановтың пікірінше: «О.Бөкеев, веря в свой народ, опираясь на мысли интеллигенции, отечественной и мировой, в мучительных поисках истины в художественной форме передает чаяния лучших сынов народа» (11,9).

Қорытынды.Жазушы өзінің прозалық шығармаларында лирикалық поэзияға тән үлгілерін қолдануының өзі жанр табиғатына енгізген көркемдік құлышыныстарының нақты көрінісі деуге әбден болады. Бұл жанр табиғатына қайшы болып табылмайтындығын, керісінше жанрды осындай ізденістер арқылы байытуға болатындығын дәлелдей алды. Көркемтілдегі неше алуан айшықтау үлгілері тек поэзияға ғана тән деп. Саналып келген түсініктің шеңберін жазушы өзіндік кеңейте түсті друге әбден болады.

Өз заманының көркем бейнесін жасаған жазушы қаламынан туған жекелеген персонаждар типтік деңгейге көтеріле алғаны жайлы зерттеушілеріміз көп қозғай бермейді. Нақты дәлел мен айтатын болсақ, «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Орал, «Өліарадағы» Қойшы, «Мұзтаудағы» Ақтан, «Өз отыңды өшірмедегі» Дархан, «Елең-алаңдағы» Зарлық, «Құммінезіндегі» Бархан, «Сайтанкөпірдегі» Аспанбелгілі бір көркемдік жүк арқалаған, өмірде ұшырасып қалатын, сондықтан да бояулары қанық жасалған образдар.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегеновтің «Әдебиет тарихындағы көрнекті қаламгерлер шығармалары халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік ойлау дүниетанымын танытады» (12,142) деген тұжырымды ойына сүйенетін болсақ, О.Бөкейде нақ осындай бағытты ұстанған талант иесі болды.

Бұл қаламгердің қалдырып кеткен көркем шығармалары жөнінде зерттеушілер әлі де зерделілік танытып, талантына табынушылар толымды, қонымды пайымдауларын әлі деайтатын шығар деп үміттенеміз. Түрлі көркемдік әдістерді оңтайлы қолданып, пішіндік ізденістерге батыл барған жазушының күрделі шығармашылық әлемі әлі де тереңдетіп зерттей түсуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аргынбаева М.Х. Концепция мира и человека в казахской литературе (1970-1980 годы) Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук 2005, - 30 б.
- 2 Қазақстан жазушылары. Анықтамалық, Алматы, «АнАрыс» баспасы 2009,- 480 б.
- 3 Тілеубекова Б.Т. Қазақ романдарындағы қаһарманның рухани әлемі.Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2010,- 34 б.
- 4 Ақыш Н. Жабырқау жандардың жоқтаушысы// Қазақ әдебиеті... 2020
- 5 Асылбекұлы С. Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2009,- 46
- 6 Құралханова Б. Қазіргі қазақ повестері.Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2007 - 34
- 7 Орда Г. Бөкей Оралхан// Кітапта: Қазақ көркем сөзінің шеберлері.Анықтамалық.Қарағанды: Экожан, 2010. - 512 б

8 Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (генезис, эволюция, поэтика). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2010, -50 б.

9 Таңжарықова А., Сәтемірова Д. Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесіндегі кие мотиві. // Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы №1, 2019

10 Кекілбаев Ә. Орман кезіп, олжалы оралған Оралхан // Кітапта: Біздің Оралхан. Алматы, Орхон баспа үйі. 2013. - 392б.

11 Абдыханов У. Социально-нравственные аспекты раскрытия образа интеллигенций в современной казахской прозе. Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук 2002. - 30

12 Тебегенов Т. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті. Семей, «Үш биік» баспасы, 2013. - 380 б.

References:

1 Argynbaeva M.H. *Konsepsia mira i chelovka v kazhaskoi literature (1970-1980 gody) Avtreferat na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk 2005, - 30 b.*

2 *Qazaqstan jazushylary. Anyqtamalyq, Almaty, «AnArys» baspasy 2009,- 480 b.*

3 Tileubekova B.T. *Qazaq romandaryndaғы qaharmannyñ ruhani әlemi. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2010,- 34 b.*

4 Aqys N. *Jabyrqau jandardyñ joqtauşysy// Qazaq әдеbieti... 2020*

5 Asylbekuly S. *Qazaq povesti (genezis, evolüsia, poetika). Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2009,- 46*

6 Qūralhanova B. *Qazırgı qazaq povesteri. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2007 - 34*

7 Orda G. *Bökei Oralhan// Kitapta: Qazaq körkem söziniñ шеберleri. Anyqtamalyq. Qarağandy: Ekojan, 2010. - 512 b*

8 Janūzaqova Q. *Qazaq prozasyndaғы romantizmniñ körkemdik әlemi (genezis, evolüsia, poetika). Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2010, -50 b.*

9 Таңжарықова А., Сәтемірова Д. Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесіндегі кие мотиві. // Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы №1, 2019

10 Kekiibaev Ä. *Orman kezıp, oljaly oralğan Oralhan // Kitapta: Bizdiñ Oralhan. Almaty, Orhon baspa üii. 2013. - 392b.*

11 Abdyhanov U. *Sosiälno-nravstvennyye aspekty raskrytia obraza inteligensi v sovremennoi kazahskoi proze. Avtreferat na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk 2002. - 30*

12 Tebegenov T. *Täuelsızdık дәуіріндегі jaña qazaq әdebieti. Semei, «Üş biik» baspasy, 2013. - 380 b*

МРНТИ 17.09.91

Көшекова А.А.¹

¹Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІНІҢ БАСТЫ СИПАТТАРЫ

Аңдатпа

Эпостың өзге жанрларымен салыстырып қарағанда қаһармандық эпостан аттың ең бір кемелденген, аса үлкен көркемдік дәрежеге жеткен бейнесін көреміз. Бұлай болатын себебі - архаикалық эпоста қиял-ғажайып элементтердің, мифтік мотивтердің тым басым болуы, әлі де жетіліспеген балаң сана толық көлемді ат бейнесін жасауға кедергі болса, лиро-эпостың басты тақырыбы жаугершілік, батырлық емес, ғашықтық хикаялары болуы ондағы жан-жақты бейнеленген ат образының қалыптасуына кедергі болған. Ал, тарихи жырлардың, әдетте, көлемінің эпосқа қарағанда кішірек болуы ондағы тұлпар образының аумақты, әр қилы тұрғыдан бейнеленуіне мүмкіндік бермеген. Сондықтан да қазақ эпосындағы барынша жан-жақты, терең, әр қилы сипатта бейнеленген ат образы негізінен қаһармандық эпоста қалыптасқан деуге болады. Бұған тұлпардың,